

КЕҢЕС

Тақырыбы: *«Біз қалай балалармен сөйлесеміз?»*

Мақсаты: Логопед пен ата аналардың арасында белгілі жұмыс жүйесін қалыптастыру. Баланың тілін дамытумен бірге біз оның ойын да дамытуымыз керек.

Ата- аналардың педагогтармен өзара байланысып, ынтымақтастықта жұмыс істеу жолдарын үнемі іздестіріп отыру қажет.

Ата- аналарға олардың баласының сөйлеу дамуының деңгейі туралы толық ақпарат беру және сөйлеу дамуының бұзушылық себептерінің түрлерінен бағдар беру.

Өткізу түрі: логопедтік кеңес

Тыңдаушылар: ата - аналар

Жоспар: 1.Тіл –ойлаумен тығыз байланысты.

2. Тіл кекмістігі мектеп жасына дейінгі балаларда кездеседі.

3. Жалпы тіл кемістік 3 деңгейге бөлінеді.

4. Пайдаланған әдебиеттер

Кеңесші: логопед-мұғалім **Г.Б.Оспанова**

КМҚК «Жас терек» бөбекжайы

КЕҢЕС

Тақырыбы: *«Біз қалай балалармен сөйлесеміз?»*

Дайындаған: логопед Оспанова Г. Б.

2025 - 2026 оқу жылы

Біздің тіліміз ойлаумен тығыз байланыста. Тіл-ойдың құралы деп аталады. Біз сөзді жәрдемімен ғана ойлай аламыз. Адамның ойлауы тек тіл арқылы ғана туып және сол арқылы қолданылады. Тілдің сөйлегенде бұзылып, дыбыстың дұрыс қолданылмауы адамның әлеуметтік белсенділігіне, жеке басының қызметіне, сонымен бірге психикалық дамуына әсерін тигізуі мүмкін. Сондықтан баланың тілін дамытумен бірге біз оның ойын да дамытамыз. Олай болса баланың таза, дұрыс сөйлеуінің оның ойының дамуы үшін де үлкен маңызы бар.

Сөз қорының таяздығы, тілдің толық жетілмеуі ақыл-ойдың дамуын кешеуілдететін нышаны болады.

Сөйлеу тілінің әр түрлі кемшіліктері бар балалар тіл ақаулықтарын сезініп, көп сөйлемеуге тырысады, ұялшақ келеді. Мектепке барғанда оқу үлгерімі нашар болып, өскенде мамандық таңдау да қиындық туғызады.

Бала 4-5 жаста ана тіліндегі барлық дыбыстарды дұрыс айта білуі керек. Кейбір ата-аналар «жүрекеле» өзі түзеліп кетеді-деп, көбінесе ондай ақаулықтарға көңіл бөлмейді. Мұнда балаларға міндетті түрде логопедиялық арнайы көмек көрсету қажет.

Мектепте оқитын ересек және орта жастағы балалардың арасындағы ең көп тараған дыбыстарды айтудағы ақаулықтар, әсіресе жиі бұзылатын дыбыстар: ч,к,ш,щ,р,ң,с.

Тіл кемістігі көбінесе мектеп жасына дейігі балаларда кездеседі.

Тұтықпа сияқты тіл кемістіктерінің едәуір пайызы мектеп жасына дейінгі балаларда кездесетіні анықталды. Егер, осы кемістіктерді дәл уақытында жоймаса, олар барған сайын ұлғайып нығаяды да баланың дұрыс сөйлеуіне керісін тигізеді.

Балаларда тұтығу қорыққаннан пайда болады. Бала қорқатынын біле тұрып қараңғы бөлмеде т.б. жерлерде жалғыз қалдыруға болмайды.

Үйде бала үшін тыныш жағдай жасау керек. Ұзақ уақытқа дейін баланы қонаққа апаруға немесе баланы қатыстырып, қонақ күтуге болмайды.

Жанұяда балаға кітап оқып бермеу, оқығанды айтып бермеу,онымен тақпақ жаттамау, аз сөйлемей, дұрыс сөйлемеген жерінде түзетпеу де үлкен зиян келтіреді.

Арнайы балабақшада баланы тәрбиелеу үшін оған құрдастарының ортасында болатын, қауымды-ойындармен және әр түрлі сабақ түрлерін пайдалану қажет. Сол сияқты жалпы сөйлеу режимінің, дұрыс тамақтанудың, міндетті түрде күндізгі ұйқының, таза ауада демалу мен шынығудың тәртібін сақтау маңызды рөл атқарады.

Баланың көзінше оның кемшілігін басқаларға айтуға болмайды. Ата-аналар тәрбиешілер баланы асықпай,ақырын сөйлеуге үйрету керек.

Баланың 4 жастан кейін ғана артикуляциялық аппараты бекіп,сөйлеудегі дыбыстарды толық айта алатынын естен шығармаған жөн.

Логопедияда тіл кемістігінің жекеленген кейбір түрін жоятын арнаулы тәсіл бар. Бұл тәсілді ыңғайына қарай *медициналық* және *педагогикалық* екі топқа бөледі.

Орталық сөйлеу аппараты адамның миында орналасқан.

Жалпы тіл кемістігі 3 деңгейге бөлінеді.

Сөйлеу тіл дамуының 1-ші деңгейінде тілдің мүлде қалыптаспауы жатады. Ондайларды «мылқау» балалар дейді.

Сөйлеу тіл дамуының 2-ші деңгейінде онда ымдау мен былдыр сөздерден басқа бұрмаланған болса да, айтарлықтай тиянақты жалпы қолданылатын сөздер пайда болады.

Сөйлеу тіл дамуының 3-ші деңгейінде сөйлем құрылысында лексикалық-грамматикалық және фонетикалық элементердің жетілмейтіндігін сипаттайды. Осындай дәрежедегі, әсіресе мектеп жасына дейінгі балалар айналысындағылармен тілдесіп, сөйлесе алады, бірақ қанша дегенмен де өзінің айтатын деген ойын анықтап түсіндіре алмайды.

Сөйлеу тілі дамуы әртүрлі дәрежедегі балармен түзету-тәрбие жұмысы сөйлеу тілі жалпы толық дамымаған балалардың арнайы топтарында жүргізеді.

Сол қолымен жұмыс істейтін балаларға ерекше көңіл аудару қажет. Өйткені олардан оң қолымен істеуді талап ететін болса, кей жағдайда балада тұтығу пайда болады.

Сондықтан оларды қайта үйретуге болмайды. Баланың көңіл –күйіне әсер ететін жағдайларды болдырмау керек. Дегенмен баланың өз еркімен қайта үйренуі үлкен жетістікке жеткізеді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

- 1.Қ.Өмірбекова, Қ.Серкебаева.Логопедия / оқу құралы/.Алматы-1996
2. Филичева Т.Б., Чевелева Н.А., Чиркина Г.В. Основы логопедии М. П. 1989.
3. Е.Н. Краузе. Логопедический массаж и артикуляционная гимнастика: Практическое пособие-СПб.: Корона принт;2004
4. Под редакцией Ю.Ф. Гаркуши –М: В.Ю. Секачев Коррекционно-педагогическая работа в дошкольных учреждениях для детей с нарушением речи. М.2002.
- 5.Фомичева М.Ф. Воспитание у детей правильного произношения.М.1989.
- 6.Швайко Г.С. Игры и игровые упражнения для развития речи. М.1993.
- 7.Лопатина Л.В. Ст « О нарушениях звукослоговой структуры слова у дошкольников со стертой дизартрией».Журнал «Логопед в детском саду» №1(4).2005.
- 8.Горчакова А.М. Коррекционные технологии. Ст «Формирование воздушной струи в процессе преодоления нарушений звукопроизношения».Журнал «Логопед в детском саду» №12(5).2005.
- 9.Макарова Г.В. Ст. «О речевом развитии дошкольников в условиях массового детского сада». Журнал «Логопед в детском саду» №1(10).2006.
- 10.А.Я.Мухина Речедвигательная ритмика «Издательство Астрель», 2008.
11. Г.Б. Оспанова «Дыбыс айту кемшіліктерін түзетудегі логопедиялық жұмыс» /әдістемелік құрал/ Қарағанды – 2008